

«Altyn Uya New» жеке балабақшасы

Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған
консультациялық пункттің жұмыс жоспары бойынша

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ (2024-2025 оқу жылы)

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына педагогикалық, психологиялық және әдістемелік көмек көрсету, отбасы тәрбиесін қолдау, балалардың ерте әлеуметтенуі мен дамуына жағдай жасау және ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

1. Баламен танысу және бейімдеу

Мазмұны мен іс-шаралар:	"Үй жағдайында балаға күн тәртібін қалай үйрету керек?" тақырыбында кеңес. Баланың жас ерекшеліктерін диагностикалау: Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес даму деңгейін анықтау мақсатында алғашқы диагностикалау жұмыстарын жүргізу.
Жұмыс түрі:	Әңгімелесу, ұсынымдар, практикалық сабақтар
Консультант маман:	Меңгеруші, әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары
Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп):	Балалардың даму деңгейінің алғашқы картасы жасалып, ата-аналар үйде режим сақтаудың маңыздылығын түсінді. Меңгеруші мен әдіскер тарапынан жүйелі бағыт-бағдар берілді.

2. Әлеуметтендіру және бейімдеу жұмыстары

Мазмұны мен іс-шаралар:	"Мен кімін?" тақырыбында ойындар. Қарым-қатынас жасау жаттығулары. "Баланың эмоцияларын қалай түсінуге және дамытуға болады?" кеңесі. Түрлі таныстыру ойындарын ұйымдастыру арқылы балалардың ұжымға тез бейімделуіне жағдай жасау және оларды қарапайым тәртіп ережелеріне баулу.
Жұмыс түрі:	Дәріс, ұсынымдар, практикалық сабақтар
Консультант маман:	Әдіскер, бөбекжай педагогтары
Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп):	Балалардың бойындағы қорқыныш пен үрей азайып, қарапайым тәртіп ережелерін меңгере бастады. Ата-аналар баланың эмоционалдық жағдайын түсінуді үйренді.

3. Кері байланыс және сауалнама

Мазмұны мен іс-	«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы. Ата-аналармен
------------------------	---

шаралар:	қашықтан жедел байланыс орнату, жүргізілген сауалнама нәтижелерін, олардың пікірлері мен ұсыныстарын негізге ала отырып, тәрбие жұмысын жандандыру.
Жұмыс түрі:	Сауалнама
Консультант маман:	Әдіскер
Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп):	Сауалнама нәтижесі негізінде ата-аналардың сұраныстары мен қажеттіліктері анықталып, кеңес беру пунктінің келесі жұмыстарына түзетулер енгізілді. Кері байланыс деңгейі артты.

4. Білім беру процесіне тарту және шығармашылық

Мазмұны мен іс-шаралар:	"Баланың есте сақтау қабілетін дамыту жолдары." Жаңа жылға орай қолданбалы жұмыстар. Қарапайым сурет салу және бояу. Ата-аналарды бөбекжайдың тыныс-тіршілігіне белсенді қатыстыру.
Жұмыс түрі:	Кеңес беру, ата-аналарға арналған ұсынымдар, практикалық ұсынымдар
Консультант маман:	Әдіскер, бөбекжай педагогтары
Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп):	Ата-аналар баламен үйде өткізетін уақытты тиімді ұйымдастыруды үйренді, балалардың ұсақ моторикасы мен шығармашылық қиялы дамыды.

5. Қамту жұмыстары

Мазмұны мен іс-шаралар:	«Қыстың күні көңілді» ойын-сауығы. Қандай да бір себептермен бөбекжайға уақытша келмейтін балаларды назардан тыс қалдырмай, олар үшін көңілді мерекелік ойын-сауықтар ұйымдастыру, құттықтау бейнероликтерін жолдау.
Жұмыс түрі:	Кеңес беру, ата-аналарға арналған ұсынымдар, практикалық ұсынымдар
Консультант маман:	Әдіскер, бөбекжай педагогтары
Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп):	Балабақшамен байланыс үзілген жоқ, балалардың әлеуметтік белсенділігі мен көтеріңкі көңіл-күйі сақталды.

6. «Ашық есік» күндері және тренингтер

Мазмұны мен іс-шаралар:	«Бөбекжайдағы бір күнім». «Ашық есік» күндерін ұйымдастыру арқылы ата-аналарды балалардың бір күндік іс-әрекетімен жақынырақ таныстыру және бірлескен шараларға тарту.
Жұмыс түрі:	Консультация, ұсынымдар, ата-аналар үшін практикалық тренинг

Консультант маман:	Меңгеруші, әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары
Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп):	Ата-аналар балабақшаның ішкі тәртібімен, оқу-тәрбие процесімен тікелей танысып, педагогтар мен мекеме әкімшілігіне деген сенімі нығайды.

7. Ұлттық құндылықтарды жаңғырту

Мазмұны мен іс-шаралар:	«Ханталапай» ұлттық ойындар ойнаймыз. Ұлттық құндылықтарды жаңғырту: Ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеу мақсатында ата-аналарды және балалардың бауырларын тарта отырып, ұлттық ойындар (асық ату, арқан тартыс және т.б.) ойнату, отбасылық сайыстар мен қызықты байқаулар ұйымдастыру.
Жұмыс түрі:	Кеңес беру, ата-аналарға ұсынымдар; Балалар мен ата-аналардың практикалық әрекеті
Консультант маман:	Тәрбиеші
Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп):	Отбасылық құндылықтар артты, балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылығы оянып, ептілік пен мергендік қасиеттері шыңдалды.

8. Салауатты өмір салты және дене тәрбиесі

Мазмұны мен іс-шаралар:	Қозғалыс ойындары, жеңіл спорттық жаттығулар. "Үйде баланың дене тәрбиесімен айналысу әдістері." Салауатты өмір салты: Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Баланың спортқа деген қызығушылығын ояту мақсатында үй жағдайында ата-анасымен бірге орындай алатын қарапайым жаттығулар кешенін үйрету және насихаттау.
Жұмыс түрі:	Кеңес беру, ата-аналарға арналған ұсынымдар, практикалық ұсынымдар
Консультант маман:	Әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары
Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп):	Ата-аналар үйде баламен бірге жасауға болатын таңғы жаттығулар кешенін меңгерді. Балалардың спортқа, салауатты өмір салтына деген оң көзқарасы қалыптасты.

9. Сөйлеуді дамыту

Мазмұны мен іс-шаралар:	"Менің отбасым" тақырыбында әңгіме құрастыру. "Баланың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін қандай кітаптарды оқу керек?" Тіл дамыту және логопедиялық көмек: Балалардың сөздік қорын байытуға бағытталған арнайы ойындарды ұйымдастыру. Сөйлеу
--------------------------------	--

	дағдыларын жүйелі қалыптастыру мақсатында бірлескен жеке жұмыстарды жүргізу. Құзыреттілікті арттыру: Балалардың шығармашылық қиялын ұштау, танымдық белсенділіктері мен қоршаған ортаны тану дағдыларын дамыту.
Жұмыс түрі:	Кеңес беру, ата-аналарға арналған ұсынымдар, практикалық ұсынымдар
Консультант маман:	Меңгеруші, әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары
Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп):	Балалардың байланыстырып сөйлеу тілі, танымдық белсенділігі артты. Ата-аналар баламен бірге кітап оқу мәдениетін қалыптастыра бастады.

10. Цифрлық ресурстарды қолдану

Мазмұны мен іс-шаралар:	«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасы. Баланың жас ерекшелігіне қарай даму кезеңдері (Трекерлер). Күнделікті пайдалы жаттығулар мен ойындар. Баланың саулығы мен дұрыс өсуіне арналған медициналық және педиатриялық кеңестер. Психологиялық қолдау және тәрбие.
Жұмыс түрі:	Кеңес беру, таныстыру
Консультант маман:	Меңгеруші, әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары
Атқарылған жұмыс нәтижесі (Есеп):	Ата-аналар заманауи мобильді технологияларды бала тәрбиесінде (саулық, даму, педиатрия бағытында) тиімді қолдануды үйренді.

Қорытынды:

«Altyn Uya New» жеке балабақшасының консультациялық пункті 2024-2025 оқу жылына 2 бала ата-анасының өтініші бойынша қабылданды. Аталған оқу жылында жоспарланған барлық шараларды толық деңгейде жүзеге асырылды. Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, оларға кәсіби педагогикалық-психологиялық көмек көрсетілді. Жұмыс нәтижесінде балалардың әлеуметтену деңгейі мен ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артып, мектепке дейінгі білім берудің сапалы қолжетімділігі қамтамасыз етілді.



«Altyn Uya New» жеке балабақшасының меңгерушісі

Меркуш

Е.Ю.Мартынова